...ЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

...І ТУЫ

...ТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
...ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

...октябрь Сәрсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын

...Еліміз көсеміміз және ұстазымыз, коммунизмнің данышпан сәулетшісі, туысқан сүйікті Сталин жолдастың басшылығымен анағұрлым сабырлылықпен және зор сеніммен алға, коммунизмнің жеңісіне қарай аяқ баса береді.

*А. И. МИКОЯН.*

# Еліміздің барлық еңбекшілері партияның XIX съезінің қарарлары мен көсеміміз И. В. Сталин жолдастың тарихи сөзін асқан зор өрлеумен қарсы алды

...нистік
...ы

...иялық және мем-
...ақтауға, кемші-
...сіз болуға, пар-
... және адал бо-
...екет құпиясын
...ық көрсетуге, әр-
... партияның ұлы
...міндеттейді.
...нистік партия-
...зды ерекшелік-
...артияның ішкі
... партия бұқа-
... талаптылығын
...мтамасыз етіп

...песінің правола
... қатар партия
...енумдарын және
...ерзімдерін та-
...ының өте зор
...ратиялық цент-
...ғымайтындығын
...ті төменнен жо-
...н жүргізу үшін
...йды.
...ың міндеттерін
... күресте пар-
...мдарының ролі
... партияның об-
...ликалық, ок
...ық және баста-

☆

## Интернационализм рухында тәрбиелейміз

Коммунист партиясының XIX съезінің қарарларымен және көсеміміз И. В. Сталин жолдастың тарихи сөзімен қарулланған облысымыздың еңбекшілері бесінші бесжылдықта жоспарланған тарихта теңдесі жоқ ұлы жұмыстарды орындауға бүкіл совет халықтарымен бірге бұрынғыдан да жанқиярлықпен еңбек етуде. Кең-байтақ Отанымыздың барлық жеріндегідей, біздің мектептің оқытушылар коллективі мен оқушылары да партияның XIX съезінің қарарларын, съездің қорытынды мәжлісінде сөйлеген ұстазымыз және досымыз Сталин жолдастың сөзін оқып үйренуде. Сталин жолдастың сөзі бізді жаңа істерге жігерлендіруде. Біз совет мұғалімдері бақытты совет жастарын ғылымның әр саласынан жақсы мағлұматы бар, үлкен мәдениетті, қиындықты жеңе білетін, халықтар арасындағы достыққа, пролетарлық интернационализмнің ісіне адал етіп тәрбиелеуге тиіспіз.

Біз жастарымызды совет халықтарының арасындағы туысқандық достыққа шексіз берілген, адал етіп тәрбиелеумен бірге, халықтық демократия елдеріне және ...

☆

## Көсем сөзі жігер туғызды

Ұлы көсеміміз Сталин жолдастың XIX съездің қорытынды мәжлісінде сөйлеген данышпандық сөзі бүкіл еліміздегі сияқты Преснов ауданындағы Жданов атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелерін зор қуанышқа бөледі. Колхозшы шаруалар көсем сөзі мен съезд қарарларын оқу үстінде социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендете беру жөнінде өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алып, оны аброймен орындап шығу үшін социалистік жарысты кеңінен өрістетє түсті.

Колхоздың Н. Мырзанов жолдас басқарған тұрақты құрылыс бригадасының мүшелері жаңа міндетті бірінші болып алғандар. Олар бұған дейін колхоздың қоғамдық малы үшін жаңа қоралар салуда, бұрынғы қораларды жөндеуде бірқатар жұмыстар істеп, съезд күндерін лайықты тартулармен өткізген болатын. Бригада мүшелері одан бері қазірдің өзінде 150-ге жуық мал сиятын жаңа қора салды. Жаңадан салынған мал қораларда әрбір мал арнаулы орындарда бағылып күтіледі. Осымен бірге, сиыр малы мен қой тұратын 6 қора күрделі жөндеуден өтті. Мал фермалары жанынан шыңыраулы құдық ...

Колхозшылар құрылыс жұмыстарында ғана емес, шаруашылықтың басқа саласында да өнімді еңбек етуде. Мәселен, колхоз мал азығының берік қорын жасауда, мұнда шөп шабу әлі тоқтатылмай қызу қарқынмен жүргізіліп келеді. Пішеншілер өздеріне тағайындалып берілген күндік норманы үнемі артығымен орындауда. Машинист Б. Рахметов жолдас өздігінен жүретін шөп машинасымен күн сайын 20—25 гектар шөп шауып жүр. Шөп маялауда жүрген М. Асайынов, Ж. Аманбаева, М. Рахметова сияқты колхозшылар да күндік норманы үнемі толық және артығымен орындап жүргендер. Алдыңғы қатардағылардың қажырлы еңбегі арқасында колхозда 18 мың центнер жемшөп дайындалды. 3800 центнер сабан жиналып, маяға салынды. Қазір дайындалған жемшөп үздіксіз мал қоралары жанына тасылып жатыр.

Мұндай қажырлы еңбек колхозшылардың съезд қарарларын мінсіз орындайтындығын сипаттайды.

**Б. ЕЛЕУСІЗОВ.**

**Преснов ауданы, Жданов атындағы**

☆

## Болашағымыз бұдан да қызықты болады

Чистов астық совхозының коллективі XIX съезд күндерінде стахановтық вахтаға тұрып, ауыл шаруашылығында айтарлықтай табыстарға жетті. Коллектив дәнді және мәдени дақылдарды жинауды, зябь жыртуды ойдағыдай өткізді. Тұқым қорын құюда.

Егіншілер қызу еңбек үстінде, клубта, оқу үйлеріндегі газеттерден партияның XIX съезінің қарарлары мен Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжлісінде сөйлеген сөзін аса зор сүйіспеншілікпен оқып, өздерінің жарқын болашағына көз жіберуде. Съезд қарарлары мен көсем сөзі егіншілер мен мал өсірушілерді жаңа ерлік істер істеуге жігерлендіруде.

—Біз,—дейді совхоз механизаторы Показаниев жолдас, —партияның XIX съезінің жаңа бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында көрсетілген мәдени және шаруашылық міндеттерді ойдағыдай орындап шығамыз. Директивалар колхоз, совхоз шаруашылығының мұнан былайғы жерде де алып адыммен өркендетілуін, еңбекшілердің мәдени-тұрмыс дәрежесінің үздіксіз жақсартылуын көздейді. Демек ...

...жолдас ілгері дамытқан партияның лениндік ұйымдастыру принциптерінің бейнесі болып табылады. Устав партияның ішкі тұрмысының негізгі заңдарын, оның жұмысының формалары мен әдістерін қысқа, тұжырымды және айқын етіп белгілейді.

Партия мүшелері, олардың міндеттері мен праволары туралы, партияның құрылымы және партияның ішкі демократиясы туралы, партияның жоғарғы органдары, жергілікті партия ұйымдары және басқалары туралы Уставта көрсетілген қағыйдалар партияның коммунистік қоғам орнату жолындағы күресімен байланысты басты міндеттеріне сай келеді.

Уставтың әрбір параграфы, әрбір пункті партияға, оның бірлігін сақтауға, оның бұқарамен байланысын нығайтуға, партияның мүшесі деген атақты және оның партия ісіне жауапкершілігін күшейтуге жасалып отырған сталиндік ұлы қамқорлықты көрсетеді.

Кәзір, коммунизм орнату жолындағы күрес әрбір совет адамының ісіне айналған кезде партия мүшесінің атағын мейлінше күшейту міндетінің маңыздылығы ерекше арта түседі. Коммунистік қоғамның миллиондаған құрылысшыларының арасында коммунистер нағыз саналы, белсенді және іске берілген құрылысшылар болуға тиіс.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Уставы партия мүшесінің коммунистік құрылыстың кәзіргі кезеңіндегі міндеттерін кеңінен белгілейді. Партияның бірлігін барынша қорғау, партия қарарларын орындау жолында белсенді жауынгер болу, еңбекте өнеге көрсету, социалистік меншікті барынша қорғап, нығайтып отыру, бұқарамен байланысты күн сайын нығайтып отыру, марксизм-ленинизм негіздерін ұғыну жолында жұмыс істеу, төменнен болатын өзара сын мен сынды өрістетіп отыру кадрларды дұрыс іріктеп алу туралы партияның нұсқауларын орындап отыру жөнінде партия мүшесіне қойылатын талаптар Уставта ерекше күшпен атап көрсетілген.

Совет Одағының Коммунистік партиясының мүшесі үшін партияның мүддесінен, мемлекеттің мүддесінен жоғары мүдде жоқ және болуы мүмкін емес. Мұның өзі ...қуатты социалистік мемлекеттің басшы партиясы болып отыр, оның тәжрибесін барлық туысқан партиялар мен топтар үйренуде.

Сталин жолдас XIX съезде сөйлеген тарихи сөзінде біздің партиямыз туралы айта келіп, былай деп көрсетті:

**«Біздің партиямыз 1917 жылы өкметті алғаннан кейін және партиямыз капиталистік, помещиктік езушілікті жоюға нақтылы шаралар қолданғаннан кейін, туысқан партиялардың өкілдері, біздің партиямыздың ерлігі мен табыстарына сүйсініп, оған: бүкіл дүниежүзілік революциялық және жұмысшы қозғалысының «Екпінді бригадасы» деген атақ берді. Бұл арқылы олар «Екпінді бригаданың» табыстары капитализмнің езушілігінде зар илеген халықтардың жайын жеңілдетеді деп үміт артты. Біздің партиямыз бұл үмітті ақтады деп, әсресе дүниежүзілік екінші соғыс дәуірінде, Совет Одағы неміс пен жапондардың фашистік озбырлығын талқандап, Европа мен Азияның халықтарын фашистік құлдық хаупінен құтқарған кезде ақтады деп ойлаймын».**

XIX съездің қарарларымен, коммунистік құрылыс туралы сталиндік ғылыммен қаруланған Ленин —Сталин партиясы өз қатарын бұрынғыдан да тығыз топтастырады, өзінің жауынгерлік қаблетін бұрынғыдан да жоғары көтереді, сөйтіп коммунизм жолындағы, халықтардың сәулетті болашағы жолындағы, бейбітшілікті сақтау жолындағы күресте жаңа табыстарға жетеді. Бұл жеңістердің бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы болады, өйткені біздің партиямыздың мүдделері, деп үйретеді. Сталин жолдас. бейбітшілік сүйгіш халықтардың мүдделеріне қайшы келмейтіндігі былай тұрсын, қайта олардың мүдделерімен қосылып отырады.

Партия, бүкіл совет халқы өзінің көсемі және ұстазы Сталин жолдастың данышпандық басшылығымен өздерінің жаңа ұлы жеңістерге жететініне, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің ежелгі арманын жүзеге асыратынына —коммунистік қоғам орнататынына берік сенім білдіруде.

**(Правданың 18 октябрьдегі басмақаласынан).**

...дің ең аяулы борышымыз деп есептейміз.

**Ш. САДЫҚОВ,**

**Октябрь ауданы, Ленин атындағы онжылдық мектептің директоры.**

...қоралармен қамтамасыз ету үшін күресуде. Олар 360 ірі қара мал сыятын жаңа қора және 2 төл үй салды. Ескі мал қоралары түгел жөндеуден өтті.

Бригада мүшелері шөп тасуда өз-

Горисловец жол
дың 9 айы ішi
жоспарын 130
ғындағы 12 сы

# ҰЛЫ ОКТЯБРЬ МЕРЕКЕСІН ЛАЙЫҚТЫ ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ

Ұлан- байтақ Отанымыздың бүкіл еңбекшілері сияқты, облысымыздың егіншілері мен мал өсірушілері, өнеркәсіп және транспорт орындарының жұмысшылары мен қызметкерлері бұл күндері даңқты партиямыздың XIX съезі құрметіндегі вахта күндерінде қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, саяси және өндірістік өрлеудің тамаша үлгілерін көрсетіп келеді. Олар егін және мал шаруашылығын өркендетіп, елімізге азық -түлікті мол беру, өнеркәсіп өнімдерінің түр- түрін көбейтіп, сапасын жақсарту, әрбір өнімнің түсер бағасын едәуір арзандату, айналмалы қаржының айналымын тездету жолындағы жарыста тамаша табыстарға жетіп отыр.

Мәселен, облысымызды тұтас алғанда мемлекетке астық тапсыру жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Мемлекет алдындағы бірінші парызды мінсіз өтеу жолындағы социалистік жарыста Булаев, Полудень және Совет аудандарының колхоздары үздік шықты. Облыстық совхоздар тресінің барлық совхоздары дерлік астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап, келесі жылдың егісі үшін тұқым қорын толық құйып алды да, қажетті мөлшерде сақтық және жем қорларын жасады.

Даңқты партиямыздың XIX съезі қарсаңындағы социалистік жарыс күндерінде стахановтық вахтаны ойдағыдай атқарған өнеркәсіп орны коллективтерінің бірі — Петропавлдағы шағын двигательдер заводының коллективі. Бұл коллектив тоғыз айлық өндірістік программаны мерзімінен бұрын орындады. Матор жасаушылар съезд қарсаңындағы стахановтық вахта күндерінде ондаған мың сомның өнімін жоспардан тыс өндірді.

Осы сияқты, алдыңғы қатарлы шаруашылықтарымыз да қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыруға барынша қамқорлық жасалып отыр. Демек, оларда малға жылы қора, мол жемшөп қоры жасалып жатыр.

«Ауыл шаруашылығы жөніндегі басты міндет, —делінген партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында, —алдағы уақытта да барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық малдың санын онан әрі көбейту, сонымен қатар, оның өнімділігін едәуір арттыру, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын онан әрі нығайтып, өркендету жолымен егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы және товарлы өнімін ұлғайту, ауыл шаруашылығында озат техника мен агрономиялық мәдениетті ендіру негізінде совхоздар мен МТС-тердің жұмысын жақсарту болып қала береді».

Міне, осы міндеттерге сәйкес, кәзір жергілікті партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының алдында съезд қарсаңындағы социалистік жарыста қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, колхозшылар мен колхозшы әйелдердің МТС және совхоз қызметкерлерінің, өнеркәсіп және транспорт орындары жұмысшыларының арасында Ұлы Октябрь социалистік революциясының XXXV жылдығы қарсаңындағы социалистік жарысты кеңінен өрістету, бұл жарыста еңбекші бұқараның өндірістік және саяси белсенділіктерін бастай білу, олардың көтерген бағалы инициативаларын қолдап отыру міндеті тұр.

Еңбекшілердің творчестволық инициативасын өрістету арқылы егін және мал

шаруашылығын
мін арттыруға
ды қолдану, өне
нің көптеп шығ
болуына, техник
даландырылуына, ө
арзандауына, ш
көптеп үнемделу
отыр.

Даңқты мереке
тік жарысты ке
лі болуына жеті
қараны жаппай
қа катысушыны
абройымен орында
жағдай туғызып
одақ ұйымдары
лардың өздеріне
шылығындағы н
бүкіл жазғы егі
мөлшерде зябь
ауылшаруашылы
нінде өнімнің ту
кетпен толық ес
колхоз бен совхоз
ғынсыз өткізуге
қамтамасыз етілс

Октябрь мереке
листік жарыстың
не кәсіподақ ұйы
талаптар қояды.
совхоз бен МТС т
мен транспортта
сөзсіз орындалуы
лық жаңалықты,
жұмыс әдістерін
қа қатысушы оза
жұртшылық игілі
мыстың артта қал
дайды жақсартуға
дануға тиіс.

«Бесжылдық жо
деттер, —делінген
тия, совет, шаруа

## ...УРМЫСЫ

# ...итетінің пленумы

...сты әділ сынъ-

...лауға **Алексеев,**
...дастар да қатыс

...дегі екінші мәсе
...тия комитетінің
...ас баяндама жа-

...омитетінің нұс-
...ла отырып, деді
... партия ұйым-
...ері мен канди-
...тәрбиелеу жөнін
...ізуде. Сыздықов
...оқуы жүйесінде-
...дау жасай келіп,
... бастауыш пар-
...ық партия коми-
...лықтың жеткілік
...ті. Әсресе, өз-
...истердің оқуын
...іліктер болды.
...ен оқушылардың
... ғана саналып,
...иктерінің бірде-
...ардың қатарына
...ролев және Гори-
... болады. Осы сы-
...рмолин жолдас-
...ілімдерін жоғары
...

...ммунистердің мар
... жақсарту мәселе
...ы керек. Саяси
...де, кешкі партия
...ксизм- ленинизм
...бақтың идеялық
...у үшін толық
...лық партия коми
...мен теориясын өз
...мек көрсету үшін
...л консультантгар
...я комитетінің кі-
...нсультанттардың

партияның программасы мен Уставын үйренуді ұйымдастыру керек.

Шағын двигательдер жасайтын завод партия ұйымының секретары **Исаков** жолдас завод коммунистері мен комсомолецтерінің оқуын ұйымдастыру жөніндегі тәжрибесін ортаға салды. Өздігінен оқушылар мен сырттан оқушылардың саны өсті. Өздігінен оқушылар үшін күн ілгері жасалған жоспар бойынша лекциялар оқылуда. Кәзір партия бюросы заводтық лекторий ұйымдастыру үшін жұмыс істеуде. Исаков жолдас қалалық партия комитеті мен жергілікті баспасөздің таңдаулы насихатшылардың тәжрибесін жыйнақтау жөнінде жұмысты жеткіліксіз істеп отырғанын айтты.

—Біздің кәсіпорнының коммунистері,— деді Исаков жолдас, —Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген теориялық еңбегін зор ынтамен қарсы алды. Олар көсемнің бұл еңбегін терең үйренгісі келеді. Бұл еңбек бойынша арнаулы лекциялар ұйымдастыруды тілек етеді. Қалалық партия комитеті бұқараның бұл тілегіне кезінде құлақ асуы керек.

Марксизм-ленинизм кешкі университетінің директоры **Ларькина** жолдас сөзін өзі басқарып отырған оқу орнының жұмысына арнады. Университеттің кадрларға саяси-тәрбие берудегі ролі зор. Мұнда басшы кадрлар аз оқыйды, ал, мұнда қалалық Совет аткомі мен облыстық Совет аткомінің бірде-бір қызметкері оқымайды. Мұнан әрі ол қалалық комитеттің және оның бюросының университеттің жұмысын жете білмейтіндігін, ал, бірсыпыра партия ұйымдары университетте оқыйтын өз коммунистерінің оқуын бақыламайтындығын айтты. Веселовский жолдастың сөзі пленумға қатысушыларды қанағаттандырмады. Ол өзінің саяси білімін жоғарылату жөніндегі салақтығы мен жауапсыздығын қалалық партия комитетіне аударуға ты-

Қадыр ХАСАНОВ

(Ұйғыр ақыны)

# БАҚШАШЫ

Шекара, асқар таулы мұзды белдер,
Сылдырап аққан өзен, күміс көлдер,
Кең өлке гүлденген бақ—Советстан,
Шат өмір иелері өңшең ерлер.
Сайлы өзен өркештене тесіп тауды,
Сан түрлі сәнді бақша жасыл баулы.
Алтын күн шұғыласында сәуле төккен
Сансыз жан бақыт құшып, сайрандаулы.
Бақша іші...
Жайқалып тұр алуан гүлдер,
Тамылжып естіледі сұлу үндер.
Күндізі сылаң қағып, жаның сүйген,
Әдемі, жұпар желді айлы түндер...
Кім екен сонша күткен бұл бақшаны.
Сүйсінген миуасына адам жаны.
Ән кернеп,
Көңіл өрлеп,
Бойың балқып,
Желкілдеп бақша гүлі жайқалады.

I.

Бір сөзді ойлағанда еске аласың,
Деуші еді өткен қарттар:
—«Жас баласың.
Жайқалған гүлді бақша, бұлбұл сайрап,
Атайды «Гүлістан» деп заманасын.
Кім көрсе сол заманды қалмайды арман.
Шынында болған дейді, емес жалған.
Шіркін-ай, іштегі шер қалмас еді
Көрсе егер кейінгі жас балалардан».
Сол қарттар күңіренді.
Өтті. Кетті.
Шер күтеп.
Арман жүктеп;
болды дертті.
Ертеде қариялар қыял еткен
Заманы Гүлстанның бізге жетті...

II

Не заман өткен екен содан бері,
Тарихтың жылжый берді дөңгелегі,
(Арманы қариялардың енді болып,
Бақшамыз сағат сайын гүлденеді).
Бақыттың төрімізде ойнап сазы,
Сайраған қандай нәзік бұлбұл назы.
Өткен күн,
Адыра қалғыр артта қалып,

Кең кеуде, шалғын қанат көзі жіті».
Бірі айтты:
Шырқата бір қосып әнге,
—«Теңейік бақшашыны ай мен күнге.
Бөлеген шұғыласына бар әлемді
Жарқырай нұрын төккен күндіз,
түнде».
Бір ақын топтан жарып алды кезек,
Шалқыды көкке өрлете, тілін безеп,
Иесін гүл бақшаның жырға қосып
Толғанып отырды да ойын тежеп;
Ол айтты:
—«Теңеу керек дария көлге,
Жан берген жайқалдырып жапан шөлге.
Жер бетін гүлдендіріп, найқалдырып,
Өлкені айналдырған ырысты елге».
Біреуі:
Асқақтата салды жырды,
Теңеді Эверстей биік шыңды.
—Даңқы зор Эверстің жерді жарған,—
Деді де,
Ақын толғап жүз құбылды...
Дал болды.
Теңеу таппай бәрі дағы,
Айтысқан ақындардың келмеді әлі.
Жайқалтып гүлдендірген бақша иесін,
Теңеуге сөз іздеді тағы... тағы...
Не таудан,
Не адамнан,
Табиғаттан,
Бір ақын шыға алмады теңеу тапқан.
Болмады ешбіреуі оған теңдес
Әлемде аяқ басқан адамзаттан.

IV

Сол кезде сөз бастады Жамбыл келіп,
Саусағы шекті бойлай кетті желіп.
Тұр екен күйді тыңдап шың басында,
Айтысқа құлақ салып, кезек беріп.
—«Тыңдасын бақшадағы мені халық,
Тыңдасын тауда бұғы, суда балық.
Қалмасын бақ ішінде бұлбұл құстар,
Әсерлі нөсер күйді шырқаталық!
Демеңдер, жүзге жеткен Жамбыл кәрі,
Талай жыр аспандата шығар әлі...
Келсе де жасым жүзге,

Тәтті күй тең келерлік салалмаймын.
Дөңгелек жер жүзінен теңеу іздеп
Дем алып біразырақ аялдаймын.
Ақылы асқан дана кемеңгерім,
Қалдырған өсиетін оған Ленин.
Даңқ бөлеп салтанаты көкке ұлассын,
Өсірген гүлдендіріп бақшалы елін.
Ол адам—ақындарға нәр беретін,
Ол адам—бар әлемге нұр төгетін.
Елге күш,
Бойға қуат, жігер беріп
Жайнатқан гүлге бөлеп жердің бетін
Ол адам—жер-жиһанның шам-шырағы,
Жаулары айбатынан жаншылады.
Кемеңгер данышпандық тұлғасынан
Отанға шұғыласы шашырады.
Тауды айтсақ—
Таудан артық тұлғасы бар.
Бау десең—
Гүлден артық шұғласы бар.
Суды алсақ—
дариядан ойы терең,
Нұрынан ай мен күн де риза шығар.—
Деді де,
Домбырасын көкке сермеп,
Құлаштап кетті Жамбыл аспанға
өрлеп...
—«Рұқсат етсең әлеумет!
Тынығып біраз көрейін
Дем алып тағы сөйлейін
Сөйлеттің неге демейін.
Жүзге жасым жеткенше
Өлеңнен ұрық себейін.
Тартынбайын шегініп
Домбырамды жебейін.
Өлгенімше өлеңмен
Сталинді жырлайын,
Бітелмесе көмейім.
Сөздің бәрін салмақтап
Асылдарын терейін.
Айтып жүрсін кейінгі
Жас балалар,
ұрпақтар,
Сталинді теңейтін,
Теңеу тауып берейін!...»

* * *

# Социалистік жарыс—экономикалық дамуымыздың қозғаушы күші

Коммунист партиясының XIX съезі айқын белгілеп берген коммунизм қоғамын құрудың ұлы міндеттерін жүзеге асыруда қала мен деревня еңбекшілерінің қалың көпшілігін кең қамтып, олардың еңбекке деген творчестволық ынта-жігерін арттыруда социалистік жарыстың зор маңызы бар.

Совет елінің Ұлы Октябрь Социалистік Революциясынан кейінгі даму жағдайларын талдай келе, В. И. Ленин социалистік жарыс-экономикалық дамудың социалистік құрылысқа ғана тән фактор екендігін атап көрсетті. Сонымен қатар, социалистік жарыстың еңбекшілерді мемлекет, шаруашылық және мәдениет құрылыстарына белсене араластырудың бір формасы болып табылатындығын және қалың бұқараның еңбектегі белсенділігін үздіксіз көтеруді, халық таланттары мен творчестволық қабілеттерін жан-жақты дамытуда бірден-бір күшті құрал екендігін дәлелдеді.

Капиталистік қанаушылық пен бәсекені жойғанда ғана жарысты шын мәнінде ұйымдастыруға болатындығын ескерте келіп, Ленин былай деген болатын:

«Социализмнің жарысты сөндірмейтіні былай тұрсын, қайта оны нағыз **кең** түрде, нағыз **бұқаралық** көлемде қолдануға тұңғыш рет мүмкіндік туғызады, еңбекшілердің нағыз көпшілігін өзін іспен көрсетерлік, өзінің іскерлік қабілетін дамытарлық, талант туғызарлық жұмыстың майданына тартуға мүмкіндік туғызады, халық ішінде таланттар қайнап жатқан бұлақ суындай көп, оған капитализм жол бермей, оны мыңдап және миллиондап қысып, жаншып, тұншықтырып келді»...

(В. И. Ленин, шығармалар, 3-рет басылуы, XXII-том, 158 -бет).

Сталин жолдас социалистік жарысты ұйымдастырудағы лениндік бұл идеяны ілгері дамыта отырып, социалистік жарыстың қайнар көздерін принциптерін және даму жолдары мен әдістерін ашып көрсетті. Ол өзінің Америка жұмысшыларының тұңғыш делегациясымен әңгімесінде біздің шаруашылығымыздың жылдам дамуының негізінде жатқан және ол дамудың қозғаушы күші болып отырған советтік қоғамға тән ішкі факторларды да ашып берген болатын.

Біздің елімізде фабриктер мен заводтар капиталистік елдердегідей жеке адамдардың емес, бүкіл халықтың билігінде. Біздің жұмысшыларымыз еңбекті өз мемлекетінің күш- қуатын арттыру үшін халқымыздың игілігі үшін істейді. Демек, бізде социалистік өнеркәсіп пен шаруашылықтың басқа салаларынан түскен табыстар жеке адамды байытуға емес, еліміздің экономикасын бұрынғыдан да дамыта түсуге, еңбекші бұқараның материалдық жағдайын жақсартып, мәдени дәрежесін көтере беруге жұмсалады.

Социалистік қоғам дамуының бұл объективті экономикалық факторлары социалистік жарыстың да негізі болып табылады. Ал, бұл факторлардың біздің шаруашылығымызға үнемі әсер етіп оның қозғаушы күші болуы социалистік жарысты социалистік экономика дамуының негізгі заңдарының бірі етеді. Сондықтан да, социалистік өндіріс социалистік жарысты сөзсіз туғызады және оның дамуына толық мүмкіншіліктер жасайды. Сонымен, социалистік жарыс советтік қоғамның экономикалық дамуының заңды қозғаушы күші болып табылады. Сталин жолдас социалистік жарысты еңбекшілердің миллиондаған бұқарасының барынша белсенділік көрсету негізінде социализм орнатудың коммунистік әдісі болып табылады деп үйретеді, бізді.

Социалистік құрылыстың тәжрибелерін талдай келе, Сталин жолдас социалистік жарыстың капиталистік бәсекеден айырмашылығын ғылми және данышпандықпен көрсетіп берді.

Капитализм елінде бәсеке еңбекшілердің батыл бастамасын, инициативасын құлақ естімеген аюандықпен жаныштау құралы болып табылады. «Адам адамға—қасқыр» —міне капитализмнің аюандық заңы, ал, осы заңның іс жүзіндегі қыймылы бәсекеде айқын көрінеді.

Бәсеке мен социалистік жарыстың түбірлі өзгешеліктерін Сталин жолдас былай сыпаттады:

«Социалистік жарыс пен бәсеке мүлдем әртүрлі екі принцип болып табылады.

Бәсекенің принципі: **біреулердің жеңіліп, өлуі де**, екіншілердің жеңіп, үстемдік құруы.

Социалистік жарыстың принципі: артта қалғандарға алдыңғы қатардағылардың тарапынан жолдастық **жәрдем көрсету**, сөйтіп жалпы **өрлеуге** жету болып табылады. (Шығармалар, XII-том, қазақшасының 122-123 беттері).

Социалистік жарыс, қанаудан құтылған жұмысшылардың жолдастық ынтымақтастығы мен социалистік өзара көмектесу қатнастары болып табылатын өндіріс қатнастарының айқын көрінісі. Ол ғылым мен техниканың және мәдениеттің ең соңғы жоғарғы табыстарына сүйенген миллиондаған еңбекші бұқараның коммунистік жұмыс әдісі. Советтік құрылыс жағдайында еңбек өнімділігінің артуына бағытталған жаңа және жоғарғы жетістіктерді пайдалану жеке адамдардың, я болмаса, жеке өнеркәсіп орнының ғана емес, бүкіл халықтың ісі, мемлекеттік үлкен маңызы бар іс болып табылады. Сондықтан да оның көпшілікке кең таралып, олардың игілігіне айналуы социалистік жарыстың ең маңызды және өзіне тән өзгешеліктерінің бірі. Бұл жағдай социалистік жарыс нәтижесінде өріс алған жеке бастамалардың көпшілік қозғалысына

дың және нығайтудың маңызды шарттарының бірі—еңбекшілер бұқарасын еңбекке коммунистік көзқараспен қарауға тәрбиелеу, олар арасында еңбектің жаңа, социалистік тәртібін енгізу болып табылады.

Ленин мен Сталин помещиктер мен капиталистер өкметін құлатқаннан кейін де адамның санасындағы капитализмнің қалдықтары тез арада жойыла қоймайтынды ғын, ескі әдеттердің көп уақытқа дейін сақталатындығын сан рет ескертіп отырды және ескертіп келеді. Еңбектің жаңа, социалистік тәртібін құру, оны дамыту және нығайту, адамдарды еңбекке тартудың жаңа формаларын жасау, еңбекшілерді тәрбиелеу ісін көп және үздіксіз жүргізудің нәтижесінде ғана іске асты.

Социалистік жарыс адамдар санасындағы ескі әдеттер мен салттарды жоюда және оларды еңбекке деген көзқарасын негізінен өзгертуде орасан зор маңызы бар құрал болып табылады.

«Жарыстың не тамаша жері—оның өзі жұрттың еңбекке көзқарасын мүлде өзгертеді, өйткені ол бұрын қорлық және ауыр жүк болып есептеліп келген еңбекті енді **аброй** әперетін, **даңқ** шығаратын, **қаһарман** және ер атандыратын іске айналдырып отыр».

(И. В. Сталин, шығармалары, XII-том, қазақшасының 341—342 беттері).

Совет қоғамының, оның экономикасының және мәдениетінің дамуы, шындығында, еңбекші бұқараның қалың көпшілігінің қыйыншылықтар мен кедергілерді жеңуге белсенді түрде қатысуына, алға басуға бөгет болатындардың барлығын жолдан сырып тастауына негізделген. Бұл бөгеттер мен қыйыншылықтарды жеңуде бірден-бір сыналған құрал—сын мен өзара сын. Ал, социалистік жарыс, Сталин жолдастың сөзімен айтқанда, миллиондаған еңбекшілердің творчестволық бастамасына сүйенетін өзара сынның —бұқараның іскерлік революциялық өзара сынының белгісі болып табылады.

Социалистік жарыс бұқараның революциялық өзара сынның айқын көрінісі жә-

көрінеді.
«Бұл қозға
—техника ж
техникалық
күштерін, ес
зып отыр; сө
ғұрлым жоға
жаңа проекті
жоспарларын
Бұл қозғалыс
ция жасауға
Дәл соның ү
лыс, негізінд
ғалыс болып
Қоғам тұрм
рі болып таб
ресінде жаңа
қағыйда. Оға
туған комму
халықтық ст
өскен социал
хы айқын мы
сенбіліктердің
өзінде-ақ Лен
атап, оның
тың алғашқы
пандықпен а
Сталин жо
тың туу себе
дың тұрмыс
далғандығынд
тығында, ола
ның болуынд
кін меңгеріп
де деп көрсе
Социализме
өту кезеңінде
социалистік
ғалыстың ма
Бүкіл совет
инженер-техн
шы шаруала
ауыл шаруаш
тып отырған
өнеркәсіп жә
әрбір колхоз
дағы зор таб
Сондықтан да
дастыру және

*аяқтайық*

## е себеміз

жыртып жүр. Трак-
В. Савич және И.
бір сменада 11 гек
ектар зябь жыртып,
і артығымен орын·

ылуы —егін өнімін
рты. Осыған сәйкес
жыртылуда. Зябь-
ы үшін әрбір плугті
қамтамасыз еттік.
лімшелерде зябьтің
қолайлы жағдай
1250 гектар зябь
рендікте жыртылды.
а зябь жыртуға аг-
басшылық жасауда.
інде егіншілерге, ас
а кеңес беріп оты-

уда зябьті күзде тыр
ңызы бар. Осыны
ь жыртылған жер-
ды қызу қолға ал-
ялық шаралар ойда
уда. Быйылғы күз-
ктарга жуық зябь
Кәзірдің өзінде 820
нып болды. Қалған
ішінде тырмалаудан

жаңа бесжылдық
ның шығымдылығын
зд алға қойған мін
у жолына өздерінің
мсауда. Олар дәнді
лығын арттырудың
—зябь жыртуды үл-
л өнім негізін қа-
жылы барлық егіс-

**Д. КРИГЕР,**
**ының аға агрономы.**



Партияның XIX съезінің қарарларымен жігерлене отырып, Петропавл паровоз деposының слесарі комсомолец П. Қомпанец Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығын лайықты табыстармен қарсы алу үшін күш жұмсауда. Ол кәзір күндік тапсырманы үнемі 270 процент орындап жүр.

СУРЕТТЕ: **П. Қомпанец** жолдас жұмыс үстінде.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## МОЛ ТАБЫС

Аманкелді атындағы колхоздың (Полудень ауданы) мүшелері быйыл егіннен тұрақты мол өнім алу жөнінде тамаша еңбек етті. Сөйтіп, жекелеген участоктерден 20—25 центнерден өнім алды. Колхоз мемлекетке астық тапсыру жоспарын ауданда бірінші болып орындады. Келесі жылғы егіске керекті тұқымды толық құйды.

Колхозшылардың еңбек күніне аванс ретінде 2.500 грамнан бидай, 40 тыйыннан

# Базар басқармасындағы былықтар мен шылықтар туралы

Облысымыздың орталығы —Петропавл қаласының өнеркәсібі, коммуналдық шаруашылығы және мәдениетімен бірге, оның советтік саудасы да жыл сайын өркендей түсуде. Қаладағы басқа сауда орындарын айтпағанның өзінде, орталық, колхоз және темір жол базарлары деп аталатын үш үлкен базар бар. Бұлар — мемлекеттік және кооперативтік -колхоз саудаларының кең өрістеген орындары. Мұнда күн сайын қаланың ғана емес, облыс аудандарының колхозшылары, көршілес Омск, Курган, Тюмень және Көкшетау облыстарының еңбекшілері де болады. Олар мұнда ауылшаруашылық өнімдерін сатады, өздеріне қажетті өндірістік бұйымдарды сатып алады. Сол сияқты, бұл базарларға аталған облыстардың кейбір сауда ұйымдары да қатынасады.

Әрине, мұндай сауда кең өрістеген жерге келген еңбекшілердің талаптары мен тілектерінің зор болатындығы сөзсіз. Олар базар басқармасынан өздерін мәдениетті қамтуды орынды түрде талап етеді және басқарманың жұмысына сын көзбен қарайды. Бұл орынды да. Өйткені, іске сын көзбен қарау, үлкенді-кішілі кемшілікке төзбеу —біздің адамдарымызға тән қасиет.

Турасын айтуымыз керек, базар басқармасының жұмысы еңбекшілеріміздің осынша өскелең талабына сай бола алмай отыр.

Бұл күндері базарға бара қалсаңыз, мына сөздерді жиі естуге болады:

—Мынаны қарашы, таразыларды тот, халаттарды кір басқан.

—Төлем жыйнаушылардың кейбіреулері бізден ақша алады да, тиісті талонды бермей кетеді.

—Төлемнен түскен ақша қайда кетеді екен десеңізші. Тоңазытқыш үйдің құрылысы екі жылдан бері аяқталған жоқ. Ал, сүт павильонының құрылысы быйыл да

да тұрған бас бухгалтер Мостоваяның да «көңілін тауып» олардың сенімді адамы болып алды. Ол Петровтың тікелей қолдауымен базар басқармасын өзінің үрім-бұтағының, жақын-жарандарының жеке шаруашылығына айналдырды десек те болады. Аз уақыттың ішінде Денисовтың колхоз жауы болып әшкереленген ағасы Макар Денисов базар басқармасының атшысы, інісі Иван Денисов күзетшісі, құдасы Барышников шоферы, құдашасы Тама Саушкина кассирі болып орналасты. Сөйтіп, Тимофей Денисовтың бас пайдасы жолындағы әрекетіне еркін жол ашылды.

Арам іске әбден сұғынған ол өзінің құлық-сұмдық істеріне үйде тыныш жатқан әкесі Иван Денисовты да баулыды. Баласы Тимофей саудагерлікті, қулық пен сұмдықты ұйымдастырушы болды да, әкесі Иван оны жүзеге асырушы болды. Иван Денисов бір қыста оннан аса мал семіртіп сатты. Бірақ, оның өрісі ұзамай, саудагер ретінде әшкереленіп жауапқа тартылды.

Алайда, әкесінің саудагер ретінде әшкереленіп, жауапқа тартылуы Тимофей Денисовты абыржытпады. Ол базар басқармасының құрылыс материалдарын пайдаланып, өзіне үш бөлмелі үй салдырып алды. Денисов осы жылғы февраль айында базар басқармасының мыңдаған сом қаржысын қалтасына салып, Курган облысына барды. Одан келді де: «ағашты колхоздан алдым, ақшаны жеке адамдарға төледім, ендігісін өздерің реттеңдер» деп Петров пен Мостоваяға есеп тапсырды. Ал, Курган облысынан әкелінген 8 вагон құрылыс материалдардың көпшілігі базар басқармасының қоймасын көрмей-ақ станция басынан жоқ болып жатты.

Базар басқармасының басшылары мемлекет мүлкін әртүрлі әдіс-айламен жегідей жеуге айналған. Бұған тағы бір мысал.

режесі жөнінде правосы жоқтығына қа[раmastan] мастан коммунист Волков жолдасты қы[з]меттен босату жөнінде өз бетімен заңс[ыз] бұйрық жазып, оны бірнеше күн қызм[ет]сіз бос жүруге мәжбүр еткен.

Базар басқармасында орынды көтер[іл]ген сынға қысым жасалатындығы сон[дай] —мұнда қабырға газеті де басқарма д[и]ректоры Петровтың тікелей бақылауым[ен] шығарылатын көрінеді. Қабырға газетін[ің] сентябрь айында дайындалған номері [о]күнге дейін жарық көрмей, Петровт[ың] столында тығулы жатыр. Өйткені, газе[т]тің бұл номерінде директорға ұнаңқы[ра]майтын сын мақала жазылған көрінеді.

Бұдан асқан сорақылық, бұдан асқ[ан] бетімен кеткендік бола ма?

Оқушы жұртшылық базар басқармас[ы]ның жұмысына басшылық және бақыл[ау] жасауға тиісті ұйымдар мұндай өреск[ел] істерге қалай төзіп отыр деген сұр[ақ] қоюы мүмкін. Бұған да жауап бере к[е]туге болады. Мұндай ұйымдардың бірі — облыстық сауда бөлімі және оның колх[оз] саудасы жөніндегі секторы. Бұл секто[р]дың меңгерушісі Размашкин базар ба[с]қармасындағы қылмысты істердің бет[ін] ашып, оларды жоюдың шараларын қара[с]тыру былай тұрсын, оның өзі де басқа[р]мадағы былық пен шылыққа әбден шы[р]малып қалғанға ұқсайды. Размашкин ба[]зар басқармасының көліктері мен автома[]шиналарын өз меншігіндей еркін пайда[]ланатын болған. Өткен жазда Размашкин өзіне үй салдыруға қажетті құрылыс материалдарын алу үшін басқарманың автомашинасымен Тюмень облысына бірнеше рет қатынаған. Размашкин мұныме[н] тынбай, базар басқармасының жұмысшысы Полкинді Тюмень облысына бірге ерт[іп] барып, оны ол жерде қылмыс істеуге дейін итермелеген.

Қызмет бабын пайдаланып, мемлеке[т] алдындағы жауапкершілік сезімнен жұр[]

# Халықаралық шолу

## БАЯНДЫ ЖӘНЕ ҰЗАҚ БЕЙБІТШІЛІК ҮШІН

Пекинде Азия мен Тынық мұхит елдеріндегі бейбітшілікті жақтаушылардың Конгресі аяқталды. Конгреске қатысушылар —1.600 миллион халқы бар 37 елдің өкілдері—жер шарының осы бөлегіндегі кәзіргі шиеленіскен жағдайдан туатын аса маңызды мәселелерді талқылап, бейбітшілік сүйгіш адамдарды бейбітшілікті сақтау жолындағы күреске онан сайын жұмылдырып, топтастыруға бағытталған қарарлар қабылдады.

Конгресс Кореядағы оқиғаларға көбірек көңіл бөлді, мұнда американ басқыншылары қарақшылық соғыс жүргізіп. ол соғысты басқа елдерге таратуға тырысуда. Конгресс, сонымен қатар, АҚШ-тың билеуші топтарының әрекетімен американ соғыс базасына, Қиыр Шығыстағы агрессияның тірегіне айналдырылып отырған Жапонияға да көп көңіл бөлді.

Американ соғысқұмарларының уақытша бітім туралы келіссөздерді қасақана сәтсіздікке ұшыратып, соғыс тұтқындарын айуандықпен жазалап отырғанын, Кореяның бейбіт қалалары мен селоларын тағылықпен талқандап жатқанын және халықаралық келісімдерді бұзып, корей халқының қаһармандық қарсыласуын тойтару үшін қандай құралдарды болса да пайдалануға тырысып, бактериологиялық және химиялық қару қолданып отырғанын корей делегаты Хан Сер Я дәлелді мысалдармен айқын көрсетіп берді. Бірақ корей патриоттары қытай еріктілерімен бірлесе отырып, Кореяның бостандығы мен тәуелсіздігін табандылықпен қорғауда, сөйтіп бейбітшілік ісіне зор үлес қосуда.

Конгреске қатысушылар корей өкілінің корей мәселесін бейбітшілікпен шешуді қажырлылықпен талап етуге шақырған тілегін қызу қолдады. Конгресс қабылдаған қарарында АҚШ-тың келіссөздерді сәтсіздікке ұшырату мақсатын көздейтін дәлелсіз әрекеттерін тезінен тоқтауын, екі жақтың соғыс тұтқындарын 1949 жылғы Женева келісімінің негізінде еліне қайтаруды жүзеге асыруын, жаппай қырғынға ұшырататын қаруды қолдануды және бейбіт елді пункттерді тағылықпен бомбалауды тоқтатуын, барлық шетел әскерлерін Кореядан алып кетуін талап етті.

Конгресс бейбітшіл халықтарды осы әділ талаптарды қолдауға, «сөйтіп корей проблемасының әділетті және ақылға сыйымды негізде мүмкін болғанынша ең қысқа мерзім ішінде шешіліп, қаһарман корей халқының бейбіт өмір сүретін болуын көздеуге» шақырды.

Жапонияның жедел милитарландырылуы Қиыр Шығыстағы бейбітшілікке, сол сияқты жалпы бейбітшілікке төнетін елеулі хауіп болып табылады. Делегат, Го Мо-жо өзінің баяндамасында дүниежүзілік екінші соғыс кезіндегі жапон агрессиясының зардаптары туралы жантүршіктіретін мәліметтер келтірді. Осы агрессияның салдарынан Қытай 10 миллион адамынан және жалпы сомасы 50 миллиард доллар ұлттық байлығынан айырылды. Филиппины халқы 1.100 мың адамынан айырылды, ал оның халық шаруашылығына келтірілген зиян 5.5 миллиард доллар болып отыр. Жапон агрессорлары Вьетнамда 2 миллионнан аса адамды аштан өлу халіне ұшыратты. Жапонияда 2 миллион жетім, 1.830 мың жесір қалды.

Кәзір американ империалистері жапон милитаризмін қайта тудырып, Азия мен Тынық мұхиттағы халықтарға жаңа апат әзірлеуде. Олар жапон қарулы күштерін қалпына келтіріп, көптеген соғыс базаларын салуда, Жапонияда қару-жарақ шығарып, оны Кореяда зор көлемде қолдануда. Олар 184 мыңнан аса жапон соғыс қылмыстыларын босатты, бұлардың көбі кәзір көрнекті қызметтер атқарып отыр. Американ империалистері жапон халқын аштық пен қайыршылыққа ұшыратуда.

Жапон делегаты Того Камеда өзінің баяндамасында өз елінің халқы кәзіргідей ауыр кезеңді бұрын ешуақытта басынан кешіріп көрген емес деп мәлімдеді. Бірақ ауыр қайғыға ұшырағанымен, жапон патриоттары американ оккупанттарының алдында тізе бүккен жоқ. Қайта олар бейбітшілік жолындағы, өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресті күн сайын күшейтуде.

Жапон мәселесі жөніндегі қарарда Конгресс Сан-Францискода жасалған сепараттық «бітім договорын» жоюды және Потсдам декларациясы мен басқа халықаралық келісімдердің принциптері мен рухына сәйкес Жапониямен жан- жақты және шын мәніндегі бітім договорын жасасуды батыл жақтап шықты. Конгресс бейбітшілікті жақтаушылардың Жапонияның милитарландырылуын тоқтатуды, барлық шетел әскерлерін оның жерінен әкетуді, соғыс базаларын жоюды, оның ішкі істеріне араласуға жол бермеуді және оның барлық мүдделі елдермен бір қалыпты сауда қатынастарын жүргізуін қамтамасыз етуді талап етуге шақырды.

Конгреске қатысушылар дүние жүзінің халықтарына үндеу қабылдап, онда бейбітшіл адамдардың бейбітшілікті сақтау жолындағы күресін құттықтады және барлық халықаралық проблемалардың бейбітшілікпен шешілуін бұрынғыдан да зор жігермен талап етуге шақырды. «Азия мен Тынық мұхит елдеріндегі халықтар, —деп атап көрсетілген үндеуде, —соғыс күштеріне қарсы қажымай- талмай күрес жүргізуге бел2і бекем байлап отыр, олар игі ниетті барлық адамдардың ынтымақтасуы арқылы, өздерінің қатерлі апатқа жол бермейтіндігіне, соғыстың қаратүнек бұлтын қақ жарып, адамзат бақытына жол ашатынына, сөйтіп жалпыға бірдей достық пен баянды бейбітшілік таңы ататынына берік сенеді».

Біріккен Ұлттар Ұйымына жазған үндеуінде Конгресс Біріккен Ұлттар Ұйымының герман және жапон мәселелерін бейбітшілікпен шешуге, Кореядағы соғысты тоқтатып, корей халқының өз тағдырын шешуін өзіне беруге, барлық шетел әскерлерін әкетуге және Вьетнамдағы, Малайядағы және басқа елдердегі соғыс қимылдарын тоқтатуға, бес ұлы мемлекет арасында Бейбітшілік Шартын жасасуға, қару-жараққа бақылау қойып, жаппай қысқартуды жүзеге асыруға, бактериологиялық, химиялық және атомдық қаруды өндіруге және пайдалануға тыйым салуға, сонымен қатар жалпыға бірдей бейбітшілікті қолдауға тиісті басқа да шараларды жүзеге асыруды талап етті.

Мұнымен қатар бейбітшілік Шарты туралы қарар қабылданды. Конгресс бұл Шарттың жасалуын «бүкіл бейбітшілік сүйгіш адамзаттың алдында тұрған аса маңызды міндет» деп есептейді. Халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресін шақыруды қолдау туралы, ұлттық тәуелсіздік туралы, әйелдердің праволары мен балалардың игілігі туралы, мәдениет алыс-берісі мен экономикалық қатынастар туралы және Азия мен Тынық мұхит елдеріндегі бейбітшілікті жақтаушылардың байланыс Комитетін құру туралы қарарлар қабылданды.

## ФРАНЦУЗ- АМЕРИКАН ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ КҮШЕЮІ

Соңғы уақытта АҚШ пен Францияның агрессиялық Солтүстік- атлантикалық блоктегі ынтымағының осы екі елдің мемлекеттік қайраткерлерінің мәлімдемелерінде көрсетуге тырысқанындай біркелкі болмай отырғанын сипаттайтын пікірлер француз және американ баспасөзінің беттерінде барған сайын жиі жазылуда. Француз- американ қатынастарының «жымдастығы» туралы ресми декларацияларға қарамастан, АҚШ-тың билеуші топтарының Францияға өз шарттарын қабылдатуға тырысқан әрекетінен туған елеулі қайшылықтар анда- санда байқалып тұрады.

Бұдан
Америка
цияны
ыза кер
мәлімдем
Марокко
сотта қа
болды.
үкметі а
Франция,
ше қожа
балжыйт

Істің
отаршыл
американ
сыпыра
ғында А
деген са
етті, яғн
можнялы
кандарды
лау қою

Францу
кодан ы
сондықта
лық блок
ды. Фра
хаупін бі
газеті А
ның Мар
ғыттылға

Лондон
дан көп
тын: «Ф
арасында
ңызды ст
күшті та
себебі мы
делерімен
өзінің со
дағы стра
алып, ора

Францу
ресе соң
мьер-мин
қабылдау
күшейе т
пасөзінің

ла

еп оңаша-
ктене қа-
лмаушылар-
бағынышты,
айды. Сон-
сомолға өту
онымен

ды. Әдебиет
ң «Біздің
ақырыптағы
аларға үлгі

Кораблев,—
әне барлық
этей білу,
муддесінен
дында адал,
тура білу,
рықпау сы-
қасиеттерді

ығын туды-
алмайды

мен баска
түсінбейді.
келеді. Ви-
ич мектеп
ументін бе-
Кораблевтің
ні ол кол-
ушіне, Ви-

образын
бойындағы
дің қайдан
Ол себеп—
і баласын
йлінше әл-
есін, еркін
аны бетімен
індеп өзін
ы санауға,
алған. Бі-

## Халықтық демократия елдерінде

### ЧЕХОСЛОВАКИЯДА И. В. СТАЛИННІҢ «ССРО-да СОЦИАЛИЗМНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ» ДЕГЕН ЕҢБЕГІ ЖӘНЕ СОВЕТ ОДАҒЫ КОММУНИСТ ПАРТИЯСЫНЫҢ XIX СЪЕЗІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫН ЖАРИЯЛАУ

ПРАГА, 16 октябрь. (СОТА). Чехословакияның еңбекшілері И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегіне және Совет Одағы Коммунист партиясының XIX съезінің материалдарына орасан зор назар аударуда.

Осыған байланысты республиканың баспа орындары бұл документтерді чех және словак тілдеріне аударып басып шығарды.

Прагада И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі чех тілінде 100 мың дана және «Партияның XIX съезіне БК(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы есеп берген» Г. М. Маленков жолдастың баяндамасы 300 мың данадай жеке кітапша болып басылып шықты.

### ВЕНГРИЯДА И. В. СТАЛИННІҢ «ССРО-да СОЦИАЛИЗМНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ» ДЕГЕН ЕҢБЕГІ БАСЫЛЫП ШЫҚТЫ

БУДАПЕШТ, 20 октябрь. (СОТА). «Сикра» баспасы И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегін венгер тілінде басып шығарды.

Сол сыяқты, «БК(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы партияның XIX съезіне есеп берген» Г. М. Маленков жолдастың баяндамасын; «ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары туралы партияның XIX съезінің директиваларын» және «БК(б)П Уставына өзгерістер енгі-

## Корей Халық-Демократиялық Республикасы Сыртқы Істер Министрі Пак Хен-еннің Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының председателіне хаты

ПХЕНЬЯН, 20 октябрь. (СОТА). Корея газеттері Корей Халық-Демократиялық Республикасы Сыртқы Істер Министрі Пак Хен-еннің Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы VII сессиясының председателі Пирсонға Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының кәзір болып жатқан VII сессиясына қатысуға Корей Халық-Демократиялық Республикасының делегациясына мүмкіншілік беруді талап етіп жазған хаттың текстін жариялауда:

Хатта былай делінген:

Нью-Йорк, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының VII сессиясының председателі Пирсонға.

Корей Халық -Демократиялық Республикасының үкметі Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының кәзіргі болып жатқан VII сессиясында корей мәселесінің талқыланатындығын білді. Осыған байланысты Корей Халық-Демократиялық Республикасының үкметі маған төмендегіні мәлімдеуді тапсырды:

Корей Халық-Демократиялық Республикасының үкметі Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының сессияларында корей мәселесін талқылауға қатысу үшін Корей Халық -Демократиялық Республикасының өкілдеріне мүмкіншілік беруді Біріккен Ұлттар Ұйымының секретариатынан бірнеше рет талап еткен болатын.

Корей мәселесі талқыланған кезде бомбалау арқылы бейбіт қалалар мен селоларды айуандықпен қыйрату, заңсыз, қылмысты түрде бактериологиялық және химиялық соғысты жүргізу сыяқты Корей Халық-Демократиялық Республикасының жерінде агрессорлар жүргізген зұлымдықтардың толық картинасын Біріккен Ұлттар Ұйымы мүшелерінің есіне салауға әзір отырған корей халқы өкілдерінің пікірін тыңдауға тиіс деп есептеп, Корей Халық-Демократиялық Республикасының үкметі бүгін тағы да Корей Халық- Демократиялық Республикасының өкілдерін Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының VII сессиясына қатыстыруды сұрайды. Мұнымен бірге, Корей Халық-Демократиялық Республикасының үкметі корей өкілдерінің қатынасуынсыз осы мәселе туралы қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының қандай да болса қарарын және корей мәселесін қандай түрде болса да талқылауды заңсыз деп есептейтіндігін мәлімдейді.

Корей Халық-Демократиялық Республикасының Сыртқы Істер Министрі Пак Хен-ен, 1952 жыл 17 октябрь.

## Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының VII сессиясында

НЬЮ-ЙОРК, 20 октябрь. (СОТА). Бүгін Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының таңертеңгі мәжлісінде жалпы айтыс болды.

Бірінші болып сөз алған Перудің өкілі Белаунде Корея туралы мәселе жөнінде АКШ-тың позициясын жақтап сөз сөйледі.

Екінші болып сөз алған Австралияның
...
қандығын, оның нәтижесі елдің ішінде өлімнің көбеюіне және қайыршылық жалақыға әкеліп соққандығын атап көрсетті. Суасо, мәселен, қалайы өнеркәсібінің шонжары Патиньоның байлығы 500 миллион фунт стерлингіге жеткендігін, оның 1952 жылы небары 250 американ долларымен кіріс салығын төлегендігін атап көрсетті. Ал, екінші бір шонжар —Хох-

## Кореядағы оқыйғалар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 20 октябрь. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының бөлімдері қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірге тығыз байланыс жасай отырып, дұшпанға қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды деп хабарлады.

Кеше түнде «В—29» американ бомбардировщиктері Пхеньянның төңірегіндегі селолық аудандардың бейбіт халқына айуандықпен шабуыл жасауда болды. Осы шабуылдың нәтижесінде көптеген бейбіт адамдар қазаға ұшырады.

Бүгін жау самолеттерін аңдып атқыштар отрядтары дұшпанның 3 самолетін атып түсіріп, 4 самолетін зыяндады.

## Оңтүстік Кореядағы кісі өлтіруші лагерьлер

КОПЕНГАГЕН, 20 октябрь. (СОТА). Оңтүстік Кореядағы швед соғыс госпиталінің бұрынғы қызметкері Данияның «Пацифистен» журналында мақала жариялап, онда Оңтүстік Кореядағы босқындар лагерьлері деп аталатындардағы жан түршігерлік жағдайларды, аштық пен аурудың салдарынан мыңдаған балалар мен әйелдердің, карттардың өліп жатқандығын суреттейді.

«Лагерьлердің бірінде, —деп жазады автор, —800-ге жуық босқындар болды. Олардың көпшілігі балалар еді. Біздің бірінші міндетіміз аштықтан және аурудан өлген 200-ге жуық адамның өлігін шығарып тастау болды. Күн сайын лагерьде, орта есеппен алғанда, 20 адамнан өліп отырды. Олардың көпшілігі балалар...

Балалар саз балшыққа белшесінен батып, үнемі жерде жатады. Олар ауыздарына түскеннің барлығын жеп, көп кешікпей өле береді. Босқындардың лагерьлері ашық-тесік, төбелері жабылмаған алқам-салқам. Жауын-шашыннан және адамға зыянды жәндіктерден қорғануға

Варя Виктордан өзінің лайықсыз қылығын мойындауды талап етеді. Мұнымен автор қарама- қарсы екі мінездің тартысын көрсету арқылы совет жастарына жат қылықты сөгеді.

Қайық Витянікі. Ендеше онымен не істесе де Витяның еркі емес пе? Оған кім қарсы? Бірақ,совет балаларының арасында жолдастық, нағыз шын достық қарым-қатнас болу керектігінен Витяның қылығы Варяның тарапынан наразылық тудырады. Варя «менікі» деп ойлайтын, меншікшіл баламен жолдас бола алмайды.

ған, автор шығармасында елімізде мектептің қандай зор маңызды орын алатынын көркем суреттермен негізінен көрсете алған.

Автор совет оқушы балаларының рухани дүниесі мен жоғары моральдық қасиеттерін өте нанымды етіп көрсетіп, олар өз Отанының лайықты азаматтары және коммунизмнің белсенді құрылысшылары болатындығын суреттейді. Повестің жас ұрпақ үшін негізгі тәрбиелік маңызы да осында.

**Н. СЫЗДЫҚОВ.**

## Қант қызылшасынан мол өнім алынуда

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Жамбыл облысының қант қызылшасын егетін колхоздарында бұл күндері саяси зор өндірістік өрлеу кеңінен қызды. Партияның XIX съезі құрметіндегі еңбек вахтасына тұрған қызылшашылар мол өнімді жыйнаудың және оны мемлекетке өткізудің қарқынын күшейтуде. Жамбыл ауданының «Красная звезда» колхозындағы Социалистік Еңбек Ері коммунист Керімбай Мырзақұловтың бригадасы уәдесін абройымен орындады. Бұл бригада әр гектардан 800 центнерден астам қызылша алды. Социалистік Еңбек Ері Патия Шидақованың комсомол- жастар звеносының карауындағы участоктің әр гектарынан 1.260 центнерден өнім алынуда. Жас колхозшылар өсімдікті мұқыят күтті, қатарааралықтарды баптау кезінде агротехникалық жаңа әдістерді, топыраққа органикалық және минералды тыңайтқыштарды енгізумен қатар тереңдетіп қопсытуды, шамалап, жиі- жиі суаруды, ал қанттылығын арттыру үшін жапырақтарын үстеп қоректендіруді қолданды. Қазір звено күшті жігермен жұмыс істейді. Лэйла Текеева, Балбу Баттаева, Фатима Семенова сменалық тапсырмаларын үш еседен асыра орындайды.

Облыстың озат «Новая жизнь», Сухамбаев атындағы, «Победа», «Красный Восток», «Белбасар», Чкалов атындағы тағы басқа колхоздарының колхозшылары партияның XIX съезінің директиваларын зор қуанышпен қарсы алып, еңбек өнімділігін арттыруда.

## Коммунизмнің ұлы құрылыстары үшін

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Быйыл облыстың орман шаруашылықтары соңғы үш жылда қанша ағаш отырғызылса және егілсе, быйыл да сонша ағаш екті. Ағаштың емен, қарағай, шырша сыяқты бағалы түрлерін егу игерілді. Әсіресе құмды аудандарға ағаш отырғызуға ерекше назар аударылуда. Сарыесік- атырау құмында соңғы екі жыл ішінде бір жарым мың гектардан астам жерге сексеуіл егілді. Ағаш өсірушілер құмды трактормен жыртып, сексеуілдің жақсы өсіп шығуын қамтамасыз етті.

Облыстың орман шаруашылықтары ағаш тұқымын жыйнау жөнінде зор жұмыстар жүргізуде. Быйыл коммунизмнің ұлы құрылыстарына түрлі ағаштардың 20 мың килограмм тұқымы жіберілді.

қайтып келді.

### В. И. ЛЕНИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЕКІНШІ ТОМЫ ЧЕХ ТІЛІНДЕ

ПРАГА, 20 октябрь. (СОТА). Чехословакия телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, «Бостандық» баспасы жуырда В. И. Ленин шығармаларының екінші томын чех тіліне аударып, 80 мың дана етіп басып шығарған.

## Жаңа адымдаушы экскаватор

СВЕРДЛОВСК, (СОТА). Орал машина заводының техникалық советі Сталиндік сыйлықтың лауреаты Д. И. Сатовский тапсырған адымдаушы жаңа экскаватордың жобасын мақұлдады. Жаңа экскаватордың стреласы 65 метр, ожауына 20 текшеметр топырақ сыяды. Мұнан бұрынғы экскаватордың конструкциясымен салыстырғанда мұның салмағы 12 —15 центнер арттырылып, жұмыс өнімділігі біржарым есе ұлғайтылды.

Агрегатты жобалаған кезде Орал машина заводының алғашқы машиналарында жұмыс істеген экскаваторшылардың тілегі есепке алынды. Су торaптарының құрылысын жобалаушылардың пайдалануы жер қазатын жаңа гигантты әзірлеуді тездетуге мүмкіншілік береді.

### БОЛАТ ЖОЛ ЖАҚСЫ ЖАҒДАЙДА

ҚЫЗЫЛОРДА, (ҚазТАГ). Қызылорда жол дистанциясының коллективі қатынас жолдар Министрі Бещевтен телеграмма алды. Партияның XIX съезі құрметіндегі социалистік жарыста дистанция коллективі еліміздің теміржол жүйелерінде озаттардың қатарына қосылды. Министр Қызылорда жолшыларын қол жеткен табыстарымен құттықтады.

тік-террорлшыл ұйымдардың Баден -Вюртемберг жерінде, сол сыяқты, Хейльбронн маңындағы Берлихингенде, Гетц фон Берлихингеннің ескі мекенінде агенттер даярлайтын мектептің бар екендігін айқын сыпаттайтын бірнеше мәліметтер бар деп мәлімдеген. Ол мектептегі адамдарға Батыс Германиядағы бейбітшілік күштеріне қарсы күрес жүргізетін құпыя террорлшыл топтарды жасақтау міндеті тапсырылған.

Сол сыяқты Хейльбронңда, «Неміс жастарының одағы» ұйымы жұмыс істейтіндігі, оны агенттер Гюльтиг, Мюллер, Баюэролар басқаратындығы мәлім. Бұлар Дортмунтта болған төтенше сот процесі кезінде бас куә деп аталатындардың есебінде пайдаланылған болатын.

өзінің бүлдіру жұмы-
ды.

Біздің қолымызда
фотокопиясынан осы
дың Аденауэрдің өкм
Кайзердің министрлі
ныс жасап отырғанд

Солтүстік Рейн-
премьер -министрі А
рыда көрсетілген ш
ұйымдардың қошеме
ды.

Олардың негізгі м
тияшыл және патри
сол сыяқты, демокра
адамдарға қарсы ты
гізу болып табылады

## Англия консерваторлар партиясының конфе

СКАРБОРО, (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Кеше Скарбородa болып жатқан Англия консерваторлар партиясы конференциясының күндізгі мәжлісінде Великобританияның экономикалық жағдайы туралы және Британия империясының елдері туралы мәселелер талқыланды.

Делегаттар, негізінен, «үкметтік есептерді» қысқартып, ірі компанияларға түсетін салықты кемітуге және отар елдердегі шикізаттарға жұмсалатын капитал программасын бұрынғыдан да молайтуға» шақырды. Кейбір делегаттар мемлекеттік аппаратқа жұмсалатын шығындарды қысқартуды талап етті.

Жарыссөзге шыққан финанс министрі Батлер келешекте ағылшын жұмысшыларының бұрынғыдан да күштірек мұқтаждыққа ұшырайтындығын білдірді. «Келесі жыл, —деді Батлер, —үстіміздегі жылдан әлде қайда қатал жыл болады»...

Конференция үкметтің экономикалық саясатын қолдаған қарар қабылдады. Сол

сыяқты, мемлекеттік
түрде қысқаруға ти
былданды. Бірнеше
үкметке қарсы бағы
оған қарсы шықты.

Британия империя
жөніндегі жарыссөз
рифі және сауда ту
на қатысуы туралы

Жарыссөздің соңы
Оливер Литлтон сөз
саудасының ескі тә
сүре алмайды деп м
ол, —жан- жақты
дауға тиістіміз».

Делегаттар Брита
дерінің «бірлігін ны
мен да экономикалы
ғыдан тығыз қамта
экономикасын дамыт
қабылдады.

Тамож тарифі ме
пы келісімді өзгерт
қарар бірауыздан қ

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакт
партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —0-22, газет табыс еті.

УШ 01928. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия баспа және кітап саудасы өнеркәсібі Басқармасының Петропавлдағы Мемлекет ті